



«БЕКІТЕМІН»
Оқу-әдістемелік істері
жөніндегі вице-президент
У. Умбетов
05 2019 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ЖҰМЫС НҰСҚАУ

ЖН-СМЖ-007-2019

«Оқыту сапасын бағалау»
сауалнамасын ұйымдастыру және өткізу



ЖҰМЫС НҰСҚАУЫ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментімен ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер
 - Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталығының басшысы М.Жолшибекова
 - Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары Ж. Шайхидинов
3. Келісілді
 - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Т.Ниязов
 - Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
 - Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы А.Абсеметов
 - Персоналды басқару және құжат айналымын қамтамасыз ету басқармасының басшысы Т.Ибеков
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2019 ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2021 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЖН-СМЖ-007-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
«Оқыту сапасын бағалау» сауалнамасын ұйымдастыру және өткізу жұмыс нұсқауы		7 беттін 2-ші беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Ұсынылып отырған «Оқыту сапасын бағалау» сауалнамасын ұйымдастыру және өткізу жұмыс нұсқауы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің СМЖ құжаттарының құрамына енеді.

1.2 Білім сапасын анықтау мақсатында университеттердің барлық факультеттерінде қолданылады.

2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы «Оқыту сапасын бағалау» сауалнамасын ұйымдастыру және өткізу жұмыс нұсқауында келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319 Заңы (04.07.2018 №171-VI жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен)

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазанындағы №595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

- Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 12.10.2018 № 563 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

- Университет Жарғысы;

- Регламенттер;

- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;

- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару;

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ОӨБ-Орташа өлшенген баға

Орталық - Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталығы

Сауалнама - Әлеуметтанулық зерттеу әдісінің негізгі түрлерінің бірі болып табылады. Бұл әдістің ерекшелігі оның анонимділігі (респонденттің жеке басы тіркелмейді, оның жауаптары ғана тіркеледі) және тексеру процесіне тартылудың жаппай болуы болып табылады.

Сауалнама университетте білім беру бағдарламасының пәндерін оқыту сапасы бойынша объективті ақпарат алу, оқытушылардың кәсіби және педагогикалық білімі мен іскерлігінің деңгейін, іскерлік қасиеттерін бағалау формаларының бірі болып табылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЖН-СМЖ-007-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
«Оқыту сапасын бағалау» сауалнамасын ұйымдастыру және өткізу жұмыс нұсқауы		7 беттің 3-ші беті

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Сауалнаманың мақсаты-білім алушылардың университет ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейін анықтау.

Міндеттер:

- 1) білім алушылардың университет ұсынатын білім беру қызметтерінің қол жетімділігі, шарттары мен сапасының деңгейін бағалауы;
- 2) білім алушылардың оқу пәндерін оқыту сапасына қанағаттану деңгейін анықтау;
- 3) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту сапасының мониторингі.

Сауалнаманы ұйымдастыруды және өткізуді Орталық оқытудың соңғы кезеңінде жүзеге асырады. Сауалнама университет кафедралары мен факультеттерінің, Департамент қызметкерлерінің, оқыту сапасын бағалау бойынша сараптамалық топтың пікірлері мен тілектерін ескере отырып, бірыңғай критерийлер бойынша жүргізіледі.

Университетте әртүрлі сауалнама түрлері қарастырылған: бланк (қолмен тексерумен, әр түрлі оқу құралдарын қолданумен) және компьютерлік.

Сауалнаманы өткізу мерзімі оқу жоспарларымен келісіледі және семестр басында оқытушылар мен білім алушыларға жеткізіледі. Сауалнаманы толтыруға 10-15 минут бөлінеді. Сауалнаманы толтыру бойынша консультациялық көмекті орталық қызметкерлері көрсетеді. Деканаттар, эдвайзерлер және топ басшылары білім алушылардың барынша толық құрамда келуін қамтамасыз етуі тиіс.

Оқыту сапасын бағалау мазмұны оқу материалының сапасын, оқытушының кәсіби, ұйымдастырушылық және әдістемелік әлеуетін бағалаудан құралады. Сауалнама мазмұнында оқу курсының мазмұны, оқытушының лекторлық шеберлігі және сабақты ұйымдастыру формасы өлшеу және бағалау қарастырылған. Сауалнама 3 бағалау критериден құралған 6-10 сұрақтардан тұрады. Сұрақтардың мәтіні әр кезеңде (семестр сайын) жаңартылып, Академиялық комитет шешімімен өзгертіліп, бекітіледі.

4.2 Бағалау шкаласы (баллмен)

Оқыту сапасы 10 балдық шкала бойынша бағаланады:

9-10 – жоғары. Оқыту деңгейі мен сапасы талаптарды толығымен қанағаттандырады. Курстың мазмұны күтілетін нәтижеге сәйкес келеді және алынған білімнің жаңалығымен, кәсіби қызметте практикалық қолдану мүмкіндігімен сипатталады. Сабақта оқытудың белсенді әдістері мен әр түрлі ақпараттық технологиялар қолданылып, шығармашылық атмосфера орнатылады.

7-8 – жақсы. Оқыту жақсы деңгейде жүргізіледі. Оқу материалының мазмұны теорияның практикамен байланысын негізделген және алынған білім практикалық қызметте қолданылады. Оқытушы мен білім алушылар арасында өзара түсіністік бар. Оқу материалы логикалық қисынды түрде құрастырылып, түсінікті жеткізіліп баяндалады, алайда тұжырымдар мен қорытындылар әрдайым жасалмайды.

5-6 – қанағаттанарлық. Оқыту салыстырмалы түрде қанағаттанарлық деңгейде жүргізіледі. Оқу материалын баяндауда жекелеген кемшіліктер бар, сабақ құрылымы шашыранқы, білім алушыларды даярлау бейінімен әлсіз байланыс бар. Ұйымдастырушылық сәттерге артық уақыт жұмсауы байқалады. Сабақта жеке топқа назар аударылады. Оқытудың белсенді түрлері мен әдістері сирек қолданылады.

0-4 – қанағаттанарлықсыз. Оқыту төмен деңгейде жүргізіледі. Көптеген елеулі кемшіліктер орын алады. Материал мазмұны ескірген, іс-тәжірибемен байланысы және логикалық бірізділік жоқ. Сабақ бірсарында қызықсыз өтеді. Аудиториямен байланыс жоқ.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЖН-СМЖ-007-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
«Оқыту сапасын бағалау» сауалнамасын ұйымдастыру және өткізу жұмыс нұсқауы		7 беттің 4-ші беті

4.3 Сауалнама процедурасы

Бланкілік сауалнама кезінде

- 1) Орталық қызметкерлері «оқыту сапасын бағалау» сауалнамасының бланкілерін таратады, сауалнаманың мақсатын қысқаша баяндайды және оның толтырылуын түсіндіреді;
- 2) білім алушылар 10-15 минут ішінде сауалнаманы толтырады: әрбір критерий бойынша тиісті бағалар қояды, сондай-ақ сауалнаманың төменгі жағында оқуға байланысты нақты мәселелерді шешу бойынша, оқу процесін жетілдіру туралы және өз ескертулері мен ұсыныстарын жазады.
- 3) сауалнама толтырылғаннан кейін оны одан әрі өңдеу үшін орталық қызметкеріне беріледі.

Компьютерлік сауалнама кезінде

- 1) орталық қызметкерлері сауалнаманың мақсатын қысқаша баяндайды және сауалнаманың толтырылуын түсіндіреді;
- 2) білім алушылар университет бағдарламасындағы "сауалнама" бөліміне кіреді, "сауалнамаға қатысу" батырмасын басады және өз логині мен паролін тереді;
- 3) 10-15 минут ішінде әрбір пәнді оқытудың сапасын бағалайды: әрбір критерий бойынша тиісті бағалар қояды, сондай-ақ сауалнаманың төменгі жағында оқу процесін жетілдіру, оқумен байланысты нақты мәселелерді шешу бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жазады.

Сауалнаманы толтырғаннан кейін «сауалнаманы аяқтау» батырмасына басу қажет.

Оқыту сапасына қанағаттануды есептеу

Сауалнаманың әрбір критерийі бойынша орташа өлшенген бағалау есебі (ОӨБ) былайша жүргізіледі. Ең алдымен әрбір критерий бойынша қойылған бағалар саны жеке жинақталады (10,5,0). Алынған сома сауалнамалар санына бөлінеді (6).

Мысалы:

Критерийі	Әр сауалнама бойынша бағалар						Жалпы, балл	Сауалнама саны	Орташа баға
Оқытушыны оқыту және оқу материалының аудиториясына жеткізу әдістерін меңгеру шеберлігі қандай?	10	0	5	10	5	10	40	6	6,6

Сауалнаманың әрбір өлшемі үшін орташа өлшенген баға мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{ОӨБ} = 10+0+5+10+5+10 = 40/6 = 6.67$$

Осы формула бойынша шығарылған орташа бағалау орташа өлшенген бағалауға сәйкес келеді. Осылайша басқада критерийлер бойынша орташа бағалар шығарылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЖН-СМЖ-007-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
«Оқыту сапасын бағалау» сауалнамасын ұйымдастыру және өткізу жұмыс нұсқауы		7 беттің 5-ші беті

4.4 Сауалнама нәтижелерін пайдалану

Сауалнама нәтижелері оқу процесін жетілдіру және ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын арттыру бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қолданылады, соның ішінде:

білім алушылардың білім беру қызметінің ұйымдастырылуы мен сапасына қанағаттанбаушылық фактілерін жою үшін университет пен факультет басшылығына сауалнама нәтижелерін беру;

оқу пәндерін оқытуды жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;

ОПҚ біліктілігін арттыру бойынша ұсыныстар дайындау.

«Оқу сапасын бағалау» әдістемелік нұсқаулық Академиялық комитеттің № 8 28.03.2019ж. күнгі мәжілісінде талқыланып бекітілді.

5 ЖАУАПКЕРШІЛІК

5.1 «Оқыту сапасын бағалау» сауалнамасын ұйымдастыру және өткізу жұмыс нұсқауындағы талаптардың орындалуына кафедра меңгерушілері, факультет декандары, Білім беру бағдарламасы және әдістемелік орталық жауапты.

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер жөніндегі
департамент директоры



Т.Ниязов

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және
сапа орталығының



Ж.Дарибаев

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің
басшысы



А.Абсеметов

